



QARAJANBAS

№2 • АҚПАН • 2023

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ

ҚАРАЖАНБАСТА ЖАҢА ОПЕРАТОРЛЫҚ ПУНКТ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР:

2-3
бет

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ
БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ЕҢБЕК
ҰЖЫМЫНА ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУІ

4
бет

ОТЧЕТНАЯ ВСТРЕЧА РУКОВОДСТВА
С НЕФТЯНИКАМИ II ВАХТЫ

5-8
бет

2022 ЖЫЛ БОЙЫНША НЕГІЗГІ
КӨРСЕТКІШТЕР
КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚҰРМЕТТІ
ДЕМАЛЫСҚА ШЫҚТЫ

9
бет

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ-да
КАДРЛЫҚ ТАҒАЙЫНДАУЛАР

10
бет

«ЕҢБЕГІМ - ЕЛІМ ҮШІН»
ШЕБЕРЛІК ТӘЖІРИБЕМЕН КЕЛЕДІ

11
бет

ҚАРАЖАНБАС МҰНАЙШЫСЫ ҮШ
ДҮРКІН ЕЛ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ
ФУТБОЛИСТЫ КАРАЖАНБАСА В
ВЫСШЕЙ ЛИГЕ

12
бет

ҚАРАЖАНБАС ВОЛЕЙБОЛШЫЛАРЫ
ЖЕҢІС ЖОЛЫНДА



15 ақпан күні, Қаражанбас кен орнында №1 мұнай өндіру цехының (№1 МӨЦ) жаңа операторлық пункті ашылды. Аталмыш нысан өндірістік процесті оңтайландырып, мұнайшылардың еңбек жағдайлары мен жұмыс сапасын арттыру, сондай-ақ бақылау және басқару жүйесінің тұрақтылығын сақтау мақсатында салынған. Салтанатты ашылу рәсіміне «Қаражанбасмұнай» АҚ Бас директоры Нұрсейіт Союнов, өндірістік басқарма және еңбек ұжымы қатысты.

«Заманауи жабдықталған операторлық пункттің ашылуы – біз үшін маңызды оқиға. Жаңа нысан жұмыс тобы үшін өте ыңғайлы. Кабинеттер жарық, кең. Жыл сайын оң өзгерістер арқасында жұмыс нәтижесі артып, процестер автоматтандырылып келеді. Жұмысшылардың еңбек жағдайын жақсартуға назар аударып, барлық қажетті жобаларды жүзеге асырып жатқан басшылыққа алғысымыз шексіз», - деді №1 МӨЦ жұмысшылары.

№1 МӨЦ қарамағында 1149 ұңғыма бар. Тәуліктік мұнай өндіру көлемі 2400 тоннаны құрайды. Мұнда 8 бригада жұмыс істейді. Айта кету керек, бұл учаскеде өндірістік процеске жаңа серпін беретін №37 топтық өлшеу қондырғысын (ТӨҚ) салу жоспарлануда.

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ



15 ақпан күні, Қаражанбас кен орнында «Қаражанбасмұнай» АҚ (әрі қарай – ҚБМ) басшылығының I вахта ауысымындағы еңбек ұжымына есеп беру кездесуі өтті. Жиналыста Бас директор Нұрсейіт Союнов қызметкерлерге 2022 жылғы қорытынды бойынша компанияның негізгі өндірістік көрсеткіштері мен кадрлық-әлеуметтік, шаруашылық қызметінің орындалу есебін таныстырып, сондай-ақ алдағы жоспарлар туралы айтып берді.

Блоктар мен негізгі бөлімшелердің басшылары жетекшілік ететін бағыттар бойынша өткен жылы атқарылған жұмыстарды таныстырды. Алғаш болып сөз алған басшылық 2022 жыл қаражанбастықтар үшін де, бүкіл Қазақстан үшін де күрделі, жауапты шешімдер мен оқиғаларға толы болғанын атап өтті. Дегенмен қиындықтарға қарамастан, барлық құрылымдық бөлімшелердің үйлесімді жұмысы және жүргізілген іс-шаралардың тиімділігі арқасында мұнай өндірудің жылдық жоспары 2141,8 мың тоннаны құрады. Бұл жоспарлы көрсеткіштен 300 тоннаға жоғары.

Осылайша, компания өндірістік бағдарламаны сәтті орындады. Сонымен қатар, өткен жылдың тамыз айында кен орнында тағы бір тарихи меже – 59 миллион тонна мұнай өндірілді. Мұнайды экспортқа тасымалдау және жөнелту де уақтылы жүргізілді. Қаражанбастан ішкі нарық - «CASPI BITUM» БК» ЖШС-не жеткізу 922 мың тоннаны, жол битумын өндіру және жөнелту көлемі 445 мың тоннаны құрады. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда рекордтық көрсеткіш.

Компания басшылыққа алатын ең жоғары құндылықтар: жұмысшылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі, қоршаған ортаға қамқорлық. Өз баяндамасында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің (ЕК, ДҚЖҚОҚД) директоры Наурызбек Дүйсекенов осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтты. Негізгі қағидат – «нөлдік жарақаттануды» қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік мәдениетін арттыруға,



ЕҢБЕК ҰЖЫМЫНА ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУІ

жазатайым оқиғалар мен өндірістік жарақаттанудың алдын алуға бағытталған «Қорғау» бағдарламасы енгізілді. Сонымен қатар, басшылық қауіпсіздік техникасын сақтау бойынша ынталандыру мақсатында бірқатар үлгілі мамандарды марапаттады.

Сонымен қатар, компанияда мұнаймен ластанған топырақты қайта өңдеумен тарихи ластанған жерлерді қалпына келтіру бойынша ауқымды жұмыстар атқарылғанын атап өткен жөн. Көгалдандыру жұмыстары да жоспарға сай орындалды. Кен орнында, сондай-ақ Ақтау қаласының саябақтарына 500-ден астам көшет отырғызылды.

Компания бірқатар негізгі стратегиялық бағыттарды ұстанады. Ең алдымен, бұл ресурстық базаны арттыру. ҚБМ-да ресурстық базаны арттыру үшін геологиялық барлау жұмыстарының жол картасы әзірленді. Оған сәйкес жер қойнауының келісімшарттық учаскесі шегінде орталық учаскенің жаңа кен орнын және жағалау аймағын барлау бойынша жұмыстар жүргізілді. 2022 жылдың басты оқиғаларының бірі - ілеспе қабат суын тұшыту зауытының іске қосылуы болды.

Еңбек жағдайларын жақсарту бағдарламасы аясында өткен жылдың басынан бастап кен орнында арнайы техника автопаркін жаңарту бойынша ауқымды жұмыс басталды. Технологиялық көлік департаменті қызметкерлеріне жолаушылар автобустары, жүк көліктері, автоцистерналар, мұнай жинауға арналған агрегаттар, автокрандар және т.б. арнайы техникалар пайдалануға берілді. Оған қоса, бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу департаменті жаңа техникалармен толықтырылды. Бұдан бөлек, бірқатар өндірістік және әкімшілік объектілерге күрделі жөндеу жүргізілді.

Есеп беру кездесуі соңында жұмысшылар басшылыққа сұрақтар қойды. Тараптар пікірлерді талқылап, шешу жолдарын қарастырды. Қоғам Басқармасы әріптестерді алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындауға бағытталған жұмысты ұйымшылдықпен жалғастыруға шақырды.



ОТЧЕТНАЯ ВСТРЕЧА РУКОВОДСТВА С НЕФТЯНИКАМИ II ВАХТЫ

28 февраля, на месторождении Каражанбас прошла отчетная встреча руководства компании с трудовым коллективом II вахтовой смены. Руководство АО «Каражанбасмунай» представило коллективу итоги выполнения основных производственных задач, финансово-экономической, кадрово-социальной, административно-хозяйственной деятельности компании по итогам 2022 года. Также отмечены планы на ближайшую перспективу.

Открывая собрание генеральный директор КБМ Нурсейит Союнов выразил благодарность трудовому коллективу за совместную плодотворную работу и сплоченность, которые стали прочным фундаментом для выполнения производственных программ. Руководство также проинформировало коллег о прорабатываемой работе по увеличению объемов добычи и улучшению социально-бытовых условий работников.

Далее с докладами выступили руководители ключевых блоков и департаментов. Подчеркнут главный принцип - здоровье и безопасность нефтяников, соответственно важность неукоснительного соблюдения правил, установленных на производственных площадках. Так, в целях мотивации за показательную работу по соблюдению техники безопасности руководство поощрило ряд специалистов.

По итогам встречи нефтяники задавали руководству интересующие вопросы и на месте получили ответы.



2022 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ



2022

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



КБМ мұнайын экспортқа шығару жолдары



2022 жылы «Қорғау» программасының орындалу мәртебесі

- A** 2022 жылдың тамыз айында енгізілді. Қорғау картасы енгізілгеніне – 7 ай.
- B** Қауіпті жағдайлар анықталып – 49 Қорғау картасы өңделді
- C** Қатысушы қауіпті анықтау барысында – 0 қауіпті жұмыс тоқтатылды
- D** Үздік бақылаушыларды бағалы сыйлықтармен марапатталды – 137 жұмыскер

2023 ЖЫЛҒА МАҚСАТ ПЕН МІНДЕТТЕР



СУ ТҮШҮГҮ ЗАУЫТЫ



120
ҰҢҒЫМАНЫ
БҰРҒЫЛАУ




МҰНАЙ ӨНІМІ
2 165



Бағыттар бойынша
бағдарламалар мен
жол карталарын іске
асыру



2022 жылы орындалған жұмыстар

Күрделі жөндеу жұмыстары (цехтар бойынша, жылдар бойынша)




2022 жылы орындалған жұмыстар

Электр-су жылуына өту



Разнарядканың ұлғаюы

Атауы	Өлшем бірлігі	ДЕЙІН	КЕЙІН
		Вахтадағы адам санына	Вахтадағы адам санына
Ауыз су 5 литр.	бет	7	7
Пакеттегі шай	қорап	1	2
Құмшекер	кг	0,300	0,340
50гр.банкідегі кофе	бан	0,166	0.500
Құрғақ сүт	кг	0,050	0,100



КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚҰРМЕТТІ ДЕМАЛЫСҚА ШЫҚТЫ



«Қаражанбасмұнай» АҚ мінсіз атқарып келеді. Ал Жылмағанбет Леуов кен орнындағы жолдарды тегістейтін автогрейдердің «құлағында ойнайды». Оның тегістеген жолдарымен бүгінде мыңдаған жұмысшы өндірістік нысандарды алаңсыз аралап жүр. Зейнет жасына жеткен кезекті жұмысшы цементтеуші агрегат моторисі - Тынышбек Дауылбаев. Арнайы техниканың тілін тапқан білікті маман жастардан ақылын аямай, оң бағыт көрсеткен тағылымды тәлімгер.

Он жылдан астам уақыттан бері жолаушылар автобусын тізгіндейтін Абай Науановты еңбек ұжымы жақсы таниды. Білікті жүргізуші күн сайын мұнайшыларды дiттеген жеріне аман-есен жеткізіп, жүктелген кәсіби міндетін

АҚ мінсіз атқарып келеді. Ал Жылмағанбет Леуов кен орнындағы жолдарды тегістейтін автогрейдердің «құлағында ойнайды». Оның тегістеген жолдарымен бүгінде мыңдаған жұмысшы өндірістік нысандарды алаңсыз аралап жүр. Зейнет жасына жеткен кезекті жұмысшы цементтеуші агрегат моторисі - Тынышбек Дауылбаев. Арнайы техниканың тілін тапқан білікті маман жастардан ақылын аямай, оң бағыт көрсеткен тағылымды тәлімгер.

Кен орнындағы көліктерге жанар-жағармай үлестіру оңай шаруа емес. Ардагер Берік Тұманшаев қиындығы мен

қызығы қатар қызметке өмірінің жиырма жылын арнаған адал жұмысшы. Ол да үзеңгілес әріптестерімен бірге жұмыс орнын ізбасарларына сеніп тапсырып, ғұмырының жаңа да маңызды кезеңіне қадам басты.

Кәсібилік, жауапкершілік пен қарапайымдылық. Бұл қаражанбастықтардың адамдық пен мамандық жолындағы басты қасиеттері. Соңғы вахта ауысымын қимастықпен өткізіп жатқан көлік қызметкерлері әріптестеріне алғыс білдіріп, ақ батасын берді.

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ-да КАДРЛЫҚ ТАҒАЙЫНДАУЛАР



«Қаражанбасмұнай» АҚ Директорлар Кеңесінің шешіміне сәйкес ҚБМ басшылығы Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары лауазымына Қаражанов Ренат Жексенбайұлын тағайындады. Ол бұған дейін ҚБМ әкімшілік-шаруашылық жұмыс департаментінің директоры қызметін атқарды.

Ол 1988 жылы 11 тамызда дүниеге келген. Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ-ін «Мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша тәмамдады. И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетінің «Мұнай-газ ісі» бағыты бойынша техника және технологиялар магистрі дәрежесіне ие. Еңбек жолын 2011 жылы университетте оқытушы/аға оқытушы болып бастаған. Әр жылдары әлеуметтік және әкімшілік-шаруашылық жұмыс департаментінің директоры, ӨБ директорының жалпы сұрақтар бойынша орынбасары қызметтерін атқарды.

Сонымен қатар, Бас директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары лауазымына Бримжаров Емқанат Бауыржанұлы тағайындалды.

Ол 1978 жылы 15 қаңтарда дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік басқару Академиясын «Халықаралық

экономикалық қатынастар», Қазақ гуманитарлық-заң университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 2000 жылы ҚБМ-ның қоғаммен байланыс жөніндегі маман болып бастаған. Ірі мұнай-газ компанияларында жұмыс тәжірибесі бар. Әр жылдары «Ақтау Нефте Сервис» ЖШС коммерция жөніндегі басқарушы директоры, «Karachaganak Petroleum Operating B.V.» шарттық жұмыс және сатыпалубөлімінің басшысы, «PSA» ЖШС сатып алу және жергілікті қамтуды дамыту әдіснамасы департаменті директорының орынбасары, «PETROLEUM HOLDING» ЖШС Бас директорының кеңесшісі қызметтерін атқарды.

Сонымен қатар, ҚБМ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасарының уақытша міндетін атқарушы болып Елеусінов Махамбет Қайырбекұлы тағайындалды.

Ол 1986 жылы 24 сәуірде дүниеге келген. И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетін «Мұнай және газ кен орындарын игеру және пайдалану» мамандығы бойынша бітірген. Мишкольц университетінің мұнай-газ магистрі дәрежесіне ие. Еңбек жолын 2007 жылы «Қазмұнайгаз» БӨ»

АҚ «Өзенмұнайгаз» ӨФ мұнай өндіру операторы болып бастаған. Әр жылдары «ҚазМұнайГаз»БӨ» АҚ Стратегия және орнықты даму департаментінің талдаушысы, «Орал Ойл энд Газ» ЖШС өндіру жөніндегі инженері, ҚБМ өндірістік бөлімінің аға/жетекші инженері, бұрғылауды бақылау және ҰЖКЖ қызметінің басшысы, ӨБ директоры, ҚБМ өндірістік-техникалық департаментінің директоры болып жұмыс істеді.

НАЗНАЧЕНИЕ

Согласно организационной структуре в новой редакции, утвержденной Советом директоров АО «Каражанбасмунай», введена должность заместителя генерального директора по Геологии и разработке. На этот пост решением Совета директоров, с 20 февраля 2023 г. назначен Мейримбек Колдей.

Он родился 10 декабря 1988 г. Окончил Российский государственный университет нефти и газа им. И.М.Губкина по специальности «Геология нефти и газа, горный инженер». Имеет степень магистра делового администрирования по специализации «Операционный менеджмент» Российской Академии народного хозяйства и государственной службы при Президенте РФ, Институт бизнеса и делового администрирования.

Трудовую деятельность начал в 2010 г. инженером-геофизиком АО «Тургай Петролиум». В разные годы трудился на посту старшего инженера АО «РД «КазМунайГаз», ведущего инженера, главного специалиста проекта разведки ТОО «НИИ Технологий добычи и бурения «КазМунайГаз», директора департамента подсчета запасов и оценки ресурсов. Работал Управляющим директором по моделированию и мониторингу разработки ТОО «КазНИПИ мұнайгаз», заместителем генерального директора по геологии и разработке/главным геологом ТОО «СП КазГерМұнай».



«ЕҢБЕГІМ - ЕЛІМ ҮШІН»



Қаражанбас талай жұмысшының қанатын қатайтқан қазыналы мекен. Мұндағы мыңдаған мұнайшы адал еңбегін ел игілігіне арнап, ардагерлер салған сара жолмен игі дәстүрлерді жалғап келеді. Бүгін біз сіздерді өмірін өндіріспен өрген тағы бір қызметкермен таныстырмақпыз.

Ерген Қырықмылтықовтың еңбек жолы ұңғымаларға жерасты күрделі жөндеу жүргізумен тығыз байланысты. Ол аталмыш салаға ғұмырының 40 жылға жуық уақытын арнаған білікті маман. Кен орны табалдырығын бұрғышы көмекшісі болып аттаған кейіпкеріміз жылдар өте келе мамандығының майталманына айналды.

Бүгінде Ерген №2 ҰЖКЖ цехының шебері болып қызмет етеді. Ол бригадасымен бірге ұңғыма түбін тазалау, тесілген құбырларды жаңарту, сораптарды ауыстырумен айналысады. Ал жұмыс процесі күрделілігіне қарай, бір күннен бір аптаға дейін созылады.

Осылайша кейіпкеріміз жауапты қызметімен кен орнындағы өндіріс үздіксіздігін қамтамасыз етуге өлшеусіз үлес қосып келеді.

«Дамудың даңғыл жолындағы Қаражанбаста жыл өткен сайын өндірісті автоматтандыру қарқынды жүргізіліп жатыр. Бұл жөндеу жұмыстарының уақытын үнемдеп, ұңғымаларды қатарға тез қосуға мүмкіндік береді. Біз өзімізге жауапты қызмет жүктелгенін ерекше сезініп, ісімізді адал әрі кәсіби атқаруға бар күш-жігерімізді саламыз», - дейді Е.Қырықмылтыков.

Алпысты алқымдаған Ерген аға ұжымда сыйлы әріптес, жас буынға оң бағыт көрсеткен үлгілі тәлімгер. Ал отбасында асыл жарымен бірге бес қыз тәрбиелеп, қияға қондырған ардақты әке. Ол перзенттерінің бойына ең жақсы адами қасиеттерді сіңіріп, мамандығына адал болу керектігін үнемі айтып жүреді. Қаражанбас ісі мен сөзі жұптасқан осындай өндіріс озаттарымен қуатты.

ШЕБЕРЛІК ТӘЖІРИБЕМЕН КЕЛЕДІ



Ш.Есенов атындағы университет пен колледж студенттерінің кезекті тобы вахта ауысымына аттанды. Олар «Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) мен университет арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум аясында Қаражанбас кен орны базасында тәжірибеге бағытталған оқытудан өтеді.

Студенттер кәсіби мамандар мен тәлімгерлердің жетекшілігімен өндірістегі қызу қызметпен танысып,

технологиялық операциялар мен процестерге қатысады. Атап айтқанда, мұнай және газ өндіру операторы, химиялық талдау зертханашысы, токарь, электр газбендәнекерлеуші, технологиялық жабдықтарды монтаждаушы, ұңғымаларды зерттеу операторы және т.б. мамандықтарға машықтанады.

«Шеберлік тәжірибемен келеді. Біз үшін Қаражанбас сияқты стратегиялық маңызды өндірістік нысанда оқуға және

жұмыс істеуге үлкен мүмкіндік туғанына қуаныштымыз. Енді қызметке кірісіп, кәсіби мамандардан көп нәрсе үйренуге ниеттіміз», - дейді студенттер.

Тәжірибеден өтушілер оқу жылының соңына дейін вахталық әдіспен жұмыс істейді. Айта кетейік, олардың өндіріспен танысып, нәтижелі еңбек етуі үшін кен орнында барлық жағдай жасалған.

ФУТБОЛИСТЫ КАРАЖАНБАСА В ВЫСШЕЙ ЛИГЕ

С большой уверенностью в победе! Нефтяники Каражанбаса лидируют в региональной футбольной лиге. В турнире принимают участие 15 сборных команд со всей области.

К каждой игре наши ребята подходят с собой ответственностью. Так и в этот раз каражанбасцы провели достойные встречи с командами «Водник» и «Таушик». С самого начала матчей команда Каражанбас, отличающаяся мастерством, богатым опытом и сильным коллективным духом, одержала победу над командой «Водник» со счетом 3:1 и командой «Таушик» 6:3, заняв первое место в турнирной таблице. Таким образом, они успешно завершили 8-й этап первенства.

В борьбе за чемпионский кубок каждая команда старается отличаться высоким результатом, ведь только лучшие из лучших получают путевку в Суперлигу следующего года.




ҚАРАЖАНБАС МҰНАЙШЫСЫ ҮШ ДҮРКІН ЕЛ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ



«Қаражанбасмұнай» АҚ жұмысшысы Астанада өткен кір тасын көтеруден Қазақстан Республикасы чемпионатында жеңіс тұғырынан көрінді. Жарыста еліміздің түкпір-түкпірінен жүздеген спортшы бақ сынады. Білектілер бәсекесінде технологиялық көлік департаментінің жүргізушісі Айдын Ахметов ардагерлер арасында үздік атанып, алтын медальға ие болды.

Айдын Ахметов бұған дейін де талай тартысты бәсекеде бақ сынаған тәжірибелі спортшы. Ол вахта ауысымы кезінде кен орнындағы спорт залда үздіксіз жаттығады. Бағы мен бабын сынға салған мұнайшы кір тасын ұзын айналымға көтеру бойынша 95 келі салмақ дәрежесінде шашасына шаң жұқтырмады. Осылайша ол өз рекордын жаңартып, үш дүркін ел чемпионы атанды.



«Жыл сайын мықты қарсыластар саны артып келеді. Сол себепті әр жарыстың жауапкершілік жүгі ауыр. Ал ұзақ мерзімді жаттығудың тәтті жеңіске жеткізгенін сезіну ерекше бақыт. Маған үміт артқан көпшілік, әріптестерім мен туыстарыма алғысым шексіз», - деді чемпион.

Мұнайшының чемпиондық жолын үлгі етіп, кір тасын көтерумен кәсіби айналыса бастаған жұмысшылар саны жыл сайын артып келеді. Ал, Айдынның ендігі мақсаты - Әлем чемпионатындағы жетістігін қайталау. Өз кезегінде ҚБМ ұжымы әріптесімізді жеңісімен құттықтай отырып, биік белестерді бағындыра беруін тілейді!

АҚПАН АЙЫНДАҒЫ МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

60 жас

02.02.1963 жыл, Алданазаров Сағит Кеунимжайұлы,
№1 автотізбек машинисі

06.02.1963 жыл, Кадиев Асқар Үгіұлы,

Объектілер қауіпсіздігі бөлімінің жетекші инспекторы

06.02.1963 жыл, Джалғасбаев Рамазан Құбашұлы,

№3 автотізбек цементтеу агрегатының моторисі

08.02.1963 жыл, Таджиков Жолдас Джаханұлы,

№3 автотізбек машинисі

09.02.1963 жыл, Қансұлтанов Онбосын Қанатбайұлы,

Жылу және сумен қамту цехының слесарь-сантехнигі

13.02.1963 жыл, Асанова Роза Сабырқызы,

Ғылыми-зерттеу өндірістік жұмыстарының

цехының химиялық сараптау зертханашысы

18.02.1963 жыл, Нұрбаев Әлібек Аманқұлұлы,

№2 автотізбек жүргізушісі

18.02.1963 жыл, Бекмұрзиев Әбілхайыр Махмұтұлы,

Қабат қысымын ұстау цехының машинисі

21.02.1963 жыл, Дмитриева Ольга Леонидовна,

Бұрғылау және ұңғымаларды жерасты

және күрделі жөндеу бөлімінің технигі

24.02.1963 жыл, Шегембаев Есенбек Шуханұлы,

№2 автотізбек жүргізушісі

28.02.1963 жыл, Рысбаев Доқтырғали Әбдіғалиұлы,

№1 автотізбек жүргізушісі



50 жас

04.02.1973 жыл, Күзмағамбетов Қуандық Қуанышбекұлы,

№1 Өндірістік қамтамасыз ету базасының жөндеуші-слесарі

05.02.1973 жыл, Битанов Сыди Дүзелбайұлы,

Жөндеу-механикалық цехының слесарі

05.02.1973 жыл, Базарбаева Альбина Толыбаевна,

Ғылыми-зерттеу өндірістік жұмыстар цехының

химиялық сараптау зертханашысы

06.02.1973 жыл, Есенғалиева Нұржамал Тыныштыққызы,

Бухгалтерлік есеп және есеп беру департаменті,

Бас бухгалтер орынбасары

07.02.1973 жыл, Өте Сәкен Жидебайұлы,

Жөндеу-механикалық цехының слесарі

08.02.1973 жыл, Байбахтыев Серік,

№3 автотізбек жүргізушісі

09.02.1973 жыл, Төлеубай Серік Баянғалиұлы,

Пайдалану жабдықтарын икемдеу-жөндеу цехының шебері

10.02.1973 жыл, Қалиев Самат Ақылжанұлы,

Күрделі құрылыс бөлімінің инженері

12.02.1973 жыл, Кенесариев Аманжол,

Мұнай дайындау және айдау цехының тауар операторы

24.02.1973 жыл, Отаров Мирбек Нұрбайұлы,

Өндірістік емес объектілер құрылысы және жобалау бөлімінің басшысы

24.02.1973 жыл, Сәулебаев Мақсат Құралұлы,

Слесарь-механикалық учаскесінің механигі



Құрметті мерейтой иелері!

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,

Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.

Еңбекпен мерейіңіз таси берсін,

Артылып абыроймен беделіңіз!

ҚАРАЖАНБАС ВОЛЕЙБОЛШЫЛАРЫ ЖЕҢІС ЖОЛЫНДА



Қаражанбаста басталған волейбол турнирі тартысты жалғасып жатыр. II вахта ауысымындағы өндірістік цехтардың 7 құрама командасы бұл кезеңде де бәсекеге толы кездесулер өткізіп, жеңіске бір қадам жақындай түсті.

Сайыс кестесі бойынша алғашқы ойын №1 және №3 мұнай өндіру цехтары (МӨЦ) арасында өтті. Команда мүшелері өзара шебер байланыс орнатып, ерекше ойын өрнегін көрсетуге барын салды. Ептілік пен тәжірибе арқасында №3 МӨЦ командасы 2:0 есебімен жеңіске жетті.

Бұдан соң жарысалаңына Бұрғылау және ұңғымаларды жөндеу цехы (БЖҰЖЦ) мен бу өндіру цехы (БӨЦ) командалары шықты. Ұжым абыройын арқалаған ойыншылар мықты дайындықпен келіп, жанкүйерлердің ыстық ықыласына бөленді. Нәтижесінде 2:1 есебімен БЖҰЖЦ командасы қарсыластардан басым түсті.

Турнирдің келесі күні пайдалану жабдықтарын икемдеу-жөндеу цехы (ПЖИЖЦ) мен технологиялық көлік басқармасы (ТКБ) командалары кездесті. Жарыс басталғалы ұпай санымен алда келе жатқан ПЖИЖЦ ойыншыларының бұл жолы да асығы алшсынан түсті, есеп 2:0.

Ал өткен жолы қарсыластарға есе жіберген ардагерлер құрамасы бұл кезеңде №1 МӨЦ командасын 2:1 есебімен жеңіп, ұпай қоржынын толықтырды.

Айта кетейік, турнирдің алғашқы тоқсаны наурызда тәмамдалады. Нәтиже бойынша ең көп ұпай иеленген үздік командаға ауыспалы кубок табысталып, мақтау қағаздары беріледі. Жүзден жүйрік шыққан жеңімпаздар жыл соңында анықталмақ.



QARAJANBAS

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ
КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ

Шығарушы:

«Қаражанбасмұнай» АҚ

Мекен-жайы:

130000 Қазақстан Республикасы,
Ақтау қаласы, 9 «а» шағын аудан,
4 ғимарат

Шығарылымға жауаптылар:

Себасов М.Б. – Әлеуметтік жұмыс
департаменті Директорының орынбасары,
Телефон: 8 (7292) 473871
E-mail: M_Sebasov@kbn.kz

Шаршова Е.А. – баспасөз хатшы
Телефон: 8 (7292) 473002
E-mail: Y_Sharshova@kbn.kz

Түзелбай А.А. – журналист
Телефон: 8 (7292) 473072
E-mail: A_Tuzelbay@kbn.kz

Газет ҚР ИЖДМ 11.12.15 тіркеліп,
№15740-Г куәлігі берілген

Газет ай сайын шығады
Таралымы 700 дана.

Газет «Adver.kz» ЖШС
баспаханасынан шықты.

Мекен-жайы:

130000, Қазақстан Республикасы,
Ақтау қаласы, 3 Б ш/а, 55/7 ғимарат
Тел.: 8 (7292) 507 000
Сайт: www.adver.kz